

**6D060700 - «Биология» мамандығы бойынша Саимова Рита  
Ургенчаевнаның «Оңтүстік–Шығыс Қазақстанның  
агроландшафтарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae)  
тіршілік айналымдары» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми  
кеңесшінің**

**ШІКІРІ**

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде жыртқыш қоңыздардың ішіндегі ауыл шаруашылық дақылдарының негізгі зиянкестерімен қоректенетін қаттықанаттылар (Coleoptera) тобына жататын барылдауық қоңыздардың көптеген туыстарымен түрлеріне әдебиеттердегі мәліметтерге сүйеніп сипаттама жасалған. Барылдауық қоңыздар өсімдіктің тамырларымен, гүлімен, сабағымен, жемісімен, бүршігімен, жапырағымен қоректеніп, дақылдың өсуін тежейтін зиянкестер. Қоңыздар жаппай көбейіп, саны, белсенділігі артқан кезде егістіктердегі өсімдіктердің өнімділігі төмендейді, кей кездері өсімдіктерге мүлдем жойылып кету қаупі төнгенді. Диссертациялық жұмыс қазіргі таңда өзекті мәселелердің қатарында. Жұмыс кіріспеден, теориялық, практикалық және тәжірибелік бөліктерден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құрылған. Барлық бөліктер логикалық тұрғыдан бірізді және диссертацияның тақырыбына сай. *Жұмыстың негізгі бөлімінде* Қазақстандағы қаттықанаттыларды (Coleoptera) зерттеу тарихы келтірілген. 30-50 жыл аралығындағы ғылыми басылымдардағы мәліметтер талданып, барылдауық қоңыздар (Carabidae) тұқымдасына жалпы сипаттама берілген.

Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафтарындағы барылдауық қоңыздардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалынып эврибионтты және доминантты түрлері анықталған.

Ауылшаруашылық дақылдарын, дәрілік өсімдіктерді, орман және жеміс ағаштарын зақымдайтын фитофагтардың түр құрамындағы айырмашылыққа және тіршілік циклдарындағы өзгерістерге талдау жасалған.

*Материалдар мен зерттеу әдістері* бөлімінде қоңыздарды жинауға және бекітуге қолданылған құрал-жабдықтарға сипаттама берілген.

Экскурсияда жиналған материалдарды өңдеуге қолданылған әдістері арқылы қоңыздарға морфологиялық сипаттама жасалынған

*Зерттеу нәтижелері және талқылауда* диссертант Қазақстанның оңтүстік шығысындағы барылдауық қоңыздар (Carabidae) тұқымдасына жататын анықталған түрлерге жалпы сипаттама берген. Агроценоздарда кездесетін қаттықанаттылардың түрлік құрамын анықтап, биологиялық ерекшеліктері мен қатар экологиясын зерттеген мәліметтерді келтірілген. Көптаралған түрлерінің маусымдық даму циклы, морфологиялық және қоректену ерекшеліктері анықталған.

*Қорытынды* бөлімінде диссертант тақырып бойынша шетелдік, отандық ғалым-зоологтардың еңбектеріне теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғыда қарастырып өз жиналған материалдарымен салыстырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде агроценоздарда таралған қаттықанаттылардың маусымдық даму циклдары, даму белсенділігі, ұрпак беру ерекшелігі, қоректік байланысы, даму кеңістігін таңдау ерекшеліктері, түрлердің экологиялық байланыстары, түрлі танаптарға тән доминанты түрлерінің дамуы сипатталады. Кең таралған қаттықанаттыларды биологиялық ерекшеліктеріне және қоректік байланысы бойынша экологиялық топтарға бөледі: көктемде, жазда, вегетациялық маусымды түгел қамтитындар. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері қоңыздардың даму циклына сай келтірілген.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігі, Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 9 жарияланым. Оның ішінде: - 1 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған, - 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарында жарияланған, - 5 мақала халықаралық және республикалық - ғылыми семинарлар мен конференциялардың материалдарында жарияланған. Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

Көптаралған түрлерінің маусымдық даму циклы, морфологиялық және қоректену ерекшеліктері анықталған.

Диссертациялық жұмыс үлкен шығармашылық ізденіспен орындалған, зерттеу жұмысының нәтижесі тиянақты, ал диссертант алдына қойған мақсатын жаңа әрі тиімді әдістерді қолдану арқылы өздігінен орындай білетін, маман ретінде жоғары біліктілігін және терең білімділігін көрсете білді. Сондықтан, докторант алдына қойылған мақсатты орындай алды және диссертацияны талапқа сай рәсімдеп, ұсынды, аталған жұмыс ресми қорғауға дайын деген пікір білдіремін.

Диссертанттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігі, ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бір-бірімен үйлесімді түрде баяндалғанын көруге болады.

Р.У.Саимованың «Оңтүстік-шығыс Қазақстанның агроландшафт-тарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін және 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 - Биология) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте «6D060700 - Биология» мамандығы бойынша қорғауға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Б.Ғ.К., доцент

